

## Қаржылық есептілік депозитарийін құру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1228 Қаулысы "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

### Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Жария мүдделі ұйымдар үшін қаржылық есептілік депозитарийін құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті "Ақпараттық-есептеу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 475 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2005 ж., N 21, 254-құжат):

2-тармақтың 2) тармақшасындағы "жүзеге асыру" деген сөздерден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) жария мүдделі ұйымдар үшін қаржылық есептілік депозитарийін өткізу қызметін жүзеге асыру";

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., N 22, 205-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Ақпараттық-есептеу орталығы" акционерлік қоғамы".

4. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1114 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 40, 525-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ